

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ ДЕНСАУЛЫҚ  
САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ ҚАЛАЛЫҚ  
КӨП БЕЙІНДІ АУРУХАНАСЫ»  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК  
КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРНЫ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КОММУНАЛЬНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО  
ВЕДЕНИЯ «ГОРОДСКАЯ  
МНОГОПРОФИЛЬНАЯ БОЛЬНИЦА  
УПРАВЛЕНИЯ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ  
АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

**Б Ұ Й Р Ы Қ**

**№629 - ө**

**ПРИКАЗ**

**10.11.2021 ж**

Тараз қаласы

город Тараз

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметін ұйымдастыру  
жөніндегі Ережені және лауазымдық  
міндетін қайта бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағын, 22-бабының 1-тармағын және Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы А.Шпекбаевтың 2020 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарын» басшылыққа ала отырып **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының қалалық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жөніндегі Ереже № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының қалалық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру жауапкершілік бас дәрігердің медициналық көмектің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Айман Кенжебековна Бекебаеваға және пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметінің жеткешісі Анар Тоғабаевна Ходжаниязоваға жүктелсін.

3. «Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының қалалық көп бейінді ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігердің медициналық көмектің сапасын бақылау жөніндегі орынбасарының және пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметінің жеткешісінің лауазымдық міндеті № 2 қосымшаға сәйкес қайта бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Бас дәрігер



Н.Абильдаев